

"Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарының тіркеуін өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 8 шешімі. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 желтоқсанда № 9-5-135 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33 бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабының

3-тармағын іске асыру мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін "Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеуді өткізу ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Селолық округтер, селолар әкімдері тіркеуді өткізу кезеңінде хабардар етуді ұйымдастырсын және "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне әскер жасына дейінгілердің у а қ ы т ы н д а к е л у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер департаменті Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) тіркеу өткізу кезеңінде әскер жасына дейінгілердің арасында қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

4. "Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) "Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу өткізу кезеңінде:

1) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуде нарядты ауданның оқу о р ы н д а р ы н а ж е т к і з у ;

2) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы-оқытушыларын әскери-оқу орындары туралы анықтамадық материалдармен қамтамасыз ету;

3) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс ұйымдастыру, әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталуы туралы х а б а р л а н д ы р у ; б е р у ;

4) тіркеу уақытында әскери-оқу орындарына түсуге әскери-кәсіптік бағыттау мақсатында әр әскер жасына дейінгілермен жеке әңгімелесу өткізу ұсынылсын.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының "Алтынсарин аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігеріне (келісім бойынша) тіркеу жөніндегі іс-шараларды өткізу ұсынылсын.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтынсарин ауданының әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Ахметов

" Қ о с т а н а й о б л ы с ы
ә к і м д і г і н і ң Қ о с т а н а й
о б л ы с ы д е н с а у л ы қ с а қ т а у
б а с қ а р м а с ы н ы ң А л т ы н с а р и н
а у д а н д ы қ о р т а л ы қ а у р у х а н а "
м е м л е к е т т і к қ а з ы н а л ы қ
к о м м у н а л д ы қ к а с і п о р ы н н ы ң
б а с д а р і г е р і

_____ Б. Қаңтарбаев

"Қостанай облысы Қостанай
ауданының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Р. Сағтаров

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Қостанай облысы Ішкі
істер департаментінің
Алтынсарин ауданының
ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ Б. Шубаев